

Аудан әкімі Т. Ерсейітовтың Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтауы

Құрметті жерлестер!

Сіздерді еліміздің тарихындағы ең басты мерекенің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн — халқымыз үшін аса қастерлі, ең ұлық мереке. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Ата заңымыз өркениетті мемлекеттің барлығына тән демократиялық қағидалармен толық қамтылды. Конституция мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі! Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды. Конституцияны басшылыққа ала отырып, біз тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді нығайту жолында ғасырлық мәні бар ауқымды істер атқардық.

Құрметті жерлестер, біз мемлекеттік рәміздерімізді, Ата Заңымызды ұлықтап, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз. Ұлан-ғайыр байтақ даланы ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған батыр бабаларымыздың асқақ аманатына адал болуымыз керек.

Сіздерді шын жүректен Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын! Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, бақыт, Отанымыз — Қазақстан Республикасының игілігі үшін атқаратын істеріңізге табыс тілеймін!

Құрметті бұландылықтар!

Бүгін біз ерекше күн - Қазақстан Республикасының Конституциясы Күнін атап өтеміз. Бұл құжат біздің негізіміз, әділеттілік пен өркендеу жолымыз. Ол біздің құқықтарымыз бен бостандықтарымызды қорғайды, заң алдындағы теңдікті қамтамасыз етеді және қоғамымызда тұрақтылыққа кепілдік береді. Сізді осы маңызды оқиғамен құттықтаймын!

Бұл құжат әрқашан біздің құндылықтарымыз туралы еске салып, күш-жігерімізді Қазақстан Республикасының өркендеуіне бағыттай берсін. Сіздердің әрқайсыларыңызды осы тамаша күнмен құттықтаймын және барлық отандастарыңызға зор денсаулық, өркендеу мен амандық тілеймін!

Н. СЕКСЕНОВ, аудандық мәслихат төрағасы.

Спорт – ұлт саулығының кепілі

Ауданымызда спорт күні қарсаңында түрлі жарыстарда аудан мәртебесін асқақатып жүрген спортшылар, осы салаға еңбегі сіңген ардагерлер, жаттықтырушылар және спорттың дамуына қолдау көрсетіп жүрген кәсіпкерлер аудан әкімі Талғат Аманбайұлы Ерсейітовтың алғыс хаттары және ақшалай сыйлықтарымен марапатталды. Аудан басшысы спортшыларды мерекелерімен құттықтап, толағай табыстар тіледі. Соңғы кездері аудан спортының алға басқанын жетіп жүрген жетістіктерінен-ақ аңғаруға болады.

Өзіміздің ақпарат.



Келелі кездесу өтті

Ақмола облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ақпараттық-түсіндіру тобы ауданымызға келіп, ассамблея, ақсақалдар кеңесі мен аналар кеңесінің мүшелерімен және бірлестік өкілдерімен кездесті. Түсіндіру тобының құрамында Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ермек Бекенұлы Нұғыманов, Ақмола облысы тарихи-өлкетану музейінің директорының орынбасары Анар Амантайқызы Дүйсенбаева, «Ақмола облысының «Қазақ тілі мен мәдениеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Молдашұлы Қойшин, Қазақстан халқы Ақмола Ассамблеясының жанындағы сәндік-қолданбалы өнер шеберлері одағының төрайымы Гүлбара Намазбекқызы Нұрқанова, Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының этносаралық қатынастар мәселері жөніндегі бөлімінің



басшысы Гүлмира Сатыбалдықызы Сабинова келді.

Ермек Бекенұлы этносаралық және конфессияаралық келісімнің маңыздылығына тоқталып, тағдыр қосқан қанша ма ұлттардың татулығын, ауызбіршілігін тілге тиек етті. Сондай-ақ Ермек Бекенұлы көпшілікті мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге, үйренуге шақырды. Жиналған көпшілік өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Балалар үйінде өссе де қазақ тілінде еркін сөйлейтін Геннадий Вездецкий өзінің әлі күнге пәтерге қолы жетпей жүргенін жеткізді. Ермек Бекенұлы бұл сұрақтар бойынша басшылық тарапымен сөйлесетінін айтты. Кездесу соңында аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Шахман Байдүйсенұлы Құсайынов өз ойын ортаға салып, келген қонақтарға алғысын білдірді. Сонымен қатар, кездесу барысында бірқатар жерлестеріміз Алғыс хаттармен марапатталды.

З. ЖАЙНАРБЕК.




**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ - МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗ
БЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ НЕГІЗІ!**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ**

Комиссияның кезекті отырысында

Бұланды ауданында терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде террористік тұрғыдан осал объектілерді паспорттау, аудан мектептерінің оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ терроризмнің алдын алуға тартылған мемлекеттік органдардың жүргізіліп жатқан жұмысы туралы мәселелер қаралды. Отырысқа комиссия мүшелері, аудандық БАҚ қатысты. Комиссия төрағасы, Бұланды ауданының әкімі Т. Ерсейітов аудандағы бүгінгі діни ахуалға баға берді, сондай-ақ жауапты органдарға құқық бұзушылықтың алдын алу бөлігінде өз бағыттары бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

Өзіміздің ақпарат.



Профилактика – в основе работы

Проведено очередное заседание антитеррористической комиссии. На повестке дня были рассмотрены вопросы паспортизации объектов, уязвимых в террористическом отношении, профилактики религиозного экстремизма и терроризма среди учащихся школ района, а также о проводимой работе государственных органов, задействованных в профилактике терроризма. В заседании приняли участие члены комиссии, районные СМИ. Председатель комиссии, аким района Т. Ерсейтов дал оценку сегодняшней религиозной ситуации в районе, а также поручил ответственным органам усилить работу по своим направлениям в части профилактики правонарушений.

СОБ. ИНФ.

Абай әлеміне саяхат

Қай елдің болсын мақтан тұтар тұлғалары болатыны белгілі. Міне қазақ халқының осындай бір мақтан тұтар тұлғалардың бірі ғұлама ойшыл, әрі бір туар ұлы – Абай Құнанбаев. Абай атамның қай еңбегін алсақта, жас буынға, болашақ ұрпаққа берері көп, үлгі, өнеге. Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркендеткіші ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы. Поэзияда, музыкада, қоғамдық – азаттық ой пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен толықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы, халық үні, бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр. Абай Құнанбаев



қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшы, философ, ақын. Абай санасына қатысты бар шуақты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесімен анасының әсерінен сіңген. Абай поэзиясы қазақ халқының ұлттық мақтаншы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелігі қасиеттері түгел көрініп, сензіледі. Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді.

Абайдың жастайынан көргені, естігені-халық әдебиеті, бай фольклор, жеке ақындар творчествасы болды. Жасынан әке ырқымен ел ісіне араласқан Абай сөз сырын жақсы білді. Шұбарғаш ауыл кітапханасында орта буын жасөспірімдермен «Абай әлеміне саяхат» атты танымдық сағат өтті. Мақсаты жасөспірімдерге Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау.

Г. ЕСМАГУЛОВА, Шұбарғаш ауыл кітапханашысы.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙЫҚ, АЯЛАЙЫҚ!

«Апат айтып келмейді» деген дана халықымыздың осы бір сөзі сақтандыру мақсатында да айтылғандай. Күз келіп жапырақ, шөптер қураған дәл қазіргі уақыт орманды өрттен, тілсіз жаудан қорғауға барынша атсалысатын уақыт. Орманды жерлерде, табиғат аясына шыққанда сақтық шараларын сақтауық. Немқұрайлық табиғатқа, қоршаған ортаға зиян тигізуі мүмкін. Тілсіз жау жалмаған орманды алқаптың қайтадан қалпына келуі ұзақ жылдарды қажет етеді. Ауданымыздағы Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы «Отрадненск орман шаруашылығы мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Бөрлі орман шаруашылығының аумағында заңсыз ағаш кесуге қатаң тиым салынады. Бізге мирас болған көз тартар әсем табиғатты көздің қарашығындай қорғап, өскелең ұрпаққа мұра қылайық.

Ө. ИМАНБЕК, Бөрлі орман шаруашылығының бас орманшысы.

АТА ЗАҢ – ТІРЕГІМ, АУЫЗБІРШІЛІК – ТІЛЕГІМ

30 тамыз – Конституция күні

30 тамыз – конституция күні. Адам өмірі мен құқықтарын қорғайтын Ата заңымыз қабылданған елеулі күннің біз үшін маңызы зор. Тек адам өмірі ғана емес еліміздің өркендеткіші тоғысына қарай қадам басыуың алғышарттарын белгілеп берген жасампаз құжат. Төл Ата заңымыздың тарихы 1993 жылдан басталады. Алайда қазір қолданып жүрген Конституциямыз 1995 жылы қабылданды. Содан бері 30 тамыз елімізде Конституция күні ретінде тойланып келеді. 1995 жылы қабылданған Ата заңымыз саяси реформалардың іске асып, еліміздің әлеуметтік, экономикалық даму жолына тың серпін берді. Жаңа Конституция құқықтық мемлекет құру жолында өзіндік өрнегін сала білді. Өйткені, адам құқықтары мен бостандықтары мемлекетіміздің басты құндылығы. Ата заңымыздың 1-бабында: «Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең қымбат байлығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары...» - делінген. Осы орайда ескерер маңызды дүние қоғам мүшелерінің құқықтық сауаттылығы. Жалпы Конституциямыздың үстемдігі, барлық заңдылықтарының сақталуы құқықтық

сауаттылыққа тікелей байланысты деп білем. Баршамыз Ата заңымызды ардақтап, конституциялық заңдылықтарды ұстанып, толықтай конституциялық құқықтық тәртіп орнағанда ғана біз атағынан ат үркер айбынды елге айналамыз.

Ханталапай тағдырымның көшінде,
«Елім-ай» деп жылағаным есімде.
Ал, бүгінде еңсе биік ел болдым,
Сауын айтып сайын дала төсінде.

«Есім ханның ескі жолын» ескеріп,
Көрген жоқпын әлі ешкімнен сескеніп.
«Қасым ханның» қасқа жолын қарсы

алдым,
Қара таудан қайта бері көш келіп.

Елім үшін түскен талай егеске,
Өксікті күн оралады көп еске.
Жетім ұлды жеті жұттан сақтаған,
Тәуке жазған «жеті жарғы» емес пе?!

Байрағымды желбіретсем көгімде,
Қайсар мінез қанымда бар, тегімде.
Кеңге салып мен тұрармын арқамды,
Ата заңым сен тұрғанда төрімде.

Ата заңым – құндылығым, мақтарым,
Билік айтып тарауларың, баптарың.
Сенің ғана жүру керек әмірің,

Сенің ғана орындалып шарттарың.

Бірақ қайдам, ойлайтын тек мал қамын,
Есі кеткен ессіздерден қорқамын.
Қадірінді түсінбейтін кірмеден,
Кірлемесін сенің алтын қорғаның.

Қияр болса, қисын менің жанымды,
Төкті емес пе талай мәрте қанымды.
Кім болса да деп білемін МІНДЕТТІ,
Құрметтеуге менің Ата заңымды,
- деп жүректарды жыр арнаған едік.
Иә, баға жетпес байлығымызды, қолда
бар құндылығымызды қорғайтын – Ата
заңымыз.

Ата заңымыздың үстемдік құруы –
жұдырықтай жұмылған ауызбіршілігімізге
де байланысты. Біз бір шаңырақ астына
қанша ма ұлттың басын қосқан елміз.
Осы орайда бізге ауызбіршіліктің ауадай
қажет екені анық. Иә, айрандай ұйыған
азаттығымызды көп көріп, ел ішіне ірікті
салғысы келетін жат ығылдар да
табылады. Алайда ауызбіршілік, ынтымақ,
ұлтаралық татулықты ту етіп, бір жағадан
бас, бір жеңнен қол шығарсақ біз алмайтын
камал, біз бағындырмайтын белес болмас.

Ж. ЗАНДЫБАЙ, Қазақстан
Жазушылар Одағы, Қазақстан халқы
Ақмола ассамблеясының мүшесі.

Тарихи атаулар – ұлт айнасы

Бір кездегі солақай саясаттың салдарынан көптеген жер-су аттары өздерінің тарихи атауларынан ажырап қалды. Аттарын өзгертерде ешкімнен ақылдаспай, халықпен санаспай қаламның ұшымен ғана өзгерте салғаны белгілі. Ал, жер-су атауларының өзіндік тарихи мәні болғаны аян. Өйткені, дана халқымыз ат қойып, айдар тағарда белгілі бір оқиғаларға сүйенген. Ол туралы Шоқан Уәлиханов: «Әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты елді мекен, жер-су атаулары мен адам аттарының атадан балаға жалғасып жататын жақсы дәстүр бар»-дейді. Ал, кешегі тоталитарлық саясат сол дәстүріміздің құл-талқанын шығарып, елімізге, жерімізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын атаулары әкеліп теліп қойды. Солай амалсыз тілімізді бұрмалап, санамызға сіңірді. Бір өкініштісі ел болып еңсе тіктегенімізге әжептәуір уақыт өтсе де сол баяғы ұлттық болмысымызға еш қатысы жоқ атаулардан әлі арыла алмай келеміз. Қазыналы

тарихымыз сайын даламыздағы әрбір жатқан тасқа дейін ат қойып шығуға жетеді. Тіпті әр ауылдың өзіндік тарихи атаулары немесе сол маңда бір тарихи оқиғаның орын алғаны белгілі. Болмаған күннің өзінде бір табиғи ерекшеліктеріне байланысты атаған. Мысалы, Қараөзек ауылын неге «Қараөзек» деп атады деп сұрап едім үлкендер: «Көктемде ауыл ортасындағы өзекеден қардың суы қап қара болып ағатын. Алыстан көзге тіпті ерекше көрінетін. Соған байланысты Қараөзек атап кетті»- дейді. Ал, Байсуат ауылы мал су ішетін сутақа бай болғандықтан Байсуат атап кеткен екен. Сол сияқты әр ауылдың өзіндік тарихы, өткені бар.

Елді мекен, жер-су, көше атауларын ұлттық болмысымыздың айнасы деп білем. Қойнауында құпия сыр жатқан тарихи атауларды қайтарар, немесе Тәуелсіздігімізден сыр шертер, егемендігімізге сай атаулар қояр уақыт келгелі қашан?!

З. ЖАЙНАРБЕК.

КЕНЕН МЕН БАЛУАН ШОЛАҚ

Алғашқы үш әнімен-ақ Кененнің аты Әулиеата атырабына, қалың дулаттың ішіне жайыла бастайды. Жасы 15-16-ға келгенде жас әншінің бүкіл шығармашылығы ғана емес, кейінгі өмірін күрт өзгерткен айрықша оқиға болады. Аты аңызға айналған, ұлттық ән өнеріміздің шырақ шыңы саналатын – әйгілі Ақан сері мен Біржан сал ән мектебін сапалық жаңа биікке көтерген қазақтың ұлы композиторы, атақты балуан, үлкен өнерпаз Балуан Шолақ XX ғасыр басында Арқадан туған елі – Алатауға келеді.

Жалпы, Балуанның өмірін зерттеушілердің бір тобы ол еліне «қуғыннан бой тасалау үшін бір-ақ рет – 1912-13 жылдары келген» деген деректі алға тартады, екінші топ «әуелі атақ-даңқы дүрілдеп тұрған кезде – ғасыр басында келіп, аз күн аунап-қунап, ел аралап, өнерін көрсетіп, кейін араға жылдар салып қайта оралған», – дейді.

Балуан Шолақпен кездесуі жайлы Кененнің өзі де естелік қалдырған. Онда екеуінің жүздескен жылы нақты көрсетілмесе де, әңгіменің ұзын-ырғасына қарап, оқиғаның Кененнің бозым кезінде болғанын аңғару қиын емес. Бұл деректі әйгілі жазушымыз Сәбит Мұқанов «Балуан

Шолақ» повесінде растай түседі.

С.Мұқановтың жазуында Арқадан Жетісуға келген сол сапарында Балуан Шолақ Ноғайбай дейтін байдың үйіне түседі. Сол жолы атағы енді шыға бастаған (бұл Кененнің «Бозторғайы» мен «Көкшолағының» ел арасына тараған кезі) жас әншіні алдырып, өнерін тамашалайды. Жазушы: «Балуан Шолақ таптырып алса, он бестер шамасындағы қойшы бала екен», – деп жазады.

Дәл осы жолы Балуан ағасы жас Кененге батасын беріп, елдің игі жақсыларына: «Менен де зор әнші өздеріңнің араларыңда жүр, бірақ ән айтып жүрген жоқ, қой бағып жүр», – деп оған қамқорлық көрсетуді ерекше табыстаған екен. Сәбеңнің жазуына, Кененнің даңқы дәл осы кезден бастап Алатауды шарлап кете барған.

Сәбең өмірінің соңына дейін Кененмен жақсы араласып-құраласып тұрған. Балуан туралы шығармасын жазу үшін сан мәрте сұхбаттасқан, дерек жинаған. Алматының іргесіндегі Кенен аулына талай келіп, жата-жаста қонақ та болған. Жазушының шығармасы жарық көргенде Кененнің көзі тірі, көрген-білгендерінің бәрі

көкейінде сайрап тұр. Бірақ табиғатынан сыпайы, сырбаз жан кей деректерге келгенде авторға: «Бұл олай емес, бұлай еді», – деп ешбір ескерту жасамаған.

«Балуан Шолақ» повесі жарық көргенде Кенен ақсақал өз естелігін әлі хатқа түсірмеген. Оның 1966 жылы көрген-білген, көкейге түйген оқиғаларын жаздырған естеліктері 1969 жылы ғана жеке кітап болып басылады. Онда шағын да болса Балуан Шолақ туралы арнайы бөлім бар. Кененнің ұлы ұстазымен кездесуі туралы: «Мен әуелі «Бозторғайды», онан соң «Көкшолақты», «Көпшілік, тыңда әнімді» деген өндерімді айтып бердім. Ол үнсіз тыңдап отырды да:

– Пәлі, нағыз әнші өз ауылдарында екен ғой, дауысы да құлаққа жағымды екен... деп мақтады», – деп жазады.

Кенен естелігі мен Сәбең шығармасындағы оқиға реті бір-бірімен қабысып тұр. Кененнің жазуына, дәл осы жолы Балуан ағасы оны Олжабай, Ноғайбай, Байболат, Қасабек ауылдарына барғанда жанынан тастамай ертіп жүріп, көптеген әндерін үйретеді.

М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
(Жалғасы бар).

АТА ЗАҢ – ЕЛ ТІРЕГІ КОНСТИТУЦИЯ – ОСНОВА ГОСУДАРСТВА

Основной Закон государства

Казахстан, провозгласив себя демократическим, правовым государством, поставил на первое место человека, его жизнь, права и свободы, которые утверждаются высшими ценностями государства. В Республике Казахстан, как и в любом другом демократическом государстве, права и свободы человека закреплены и гарантированы Основным Законом, который гласит, что они принадлежат каждому от рождения, признаются абсолютными и определяют содержание и применение законов.

Действующая Конституция Казахстана была принята 30 августа 1995 года на всенародном республиканском референдуме. Этот день является государственным праздником – Днем Конституции Республики Казахстан.

Появление первых конституций в современном понимании относится к концу XVIII века (США, Франция). К первому поколению конституций, или так называемым «старым», относятся Конституции Бельгии (1831г.), Швейцарии (1874 г.), Австралии (1901 г.) и др. Более поздние, или конституции «2-го поколения», были приняты во второй половине XX века в несколько этапов: сразу же после Второй мировой войны (Италия и Япония — в 1947 г., ФРГ — в 1949 г. и др.), в 70-е годы (Греция — 1975 г., Португалия — 1976 г., Испания — 1978 г.), и в 90-е годы XX века после распада социалистической системы (Болгария, Польша, Румыния и др.).

Таким образом, Основной Закон нашего государства относится к конституциям «2-го поколения», принятым в 90-х годах 20-го века,

Конституция Республики Казахстан Раздел I. «Общие положения» Статья 1

1. Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы.

2. Основоположающими принципами деятельности Республики являются: общественное согласие и политическая стабильность, экономическое развитие на благо всего народа, казахстанский патриотизм, решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами, включая голосование на республиканском референдуме или в Парламенте.

когда после распада СССР Казахстан обрел независимость.

Первая за годы независимости Конституция суверенного Казахстана была принята на IX сессии Верховного Совета Казахстана XII созыва 28 января 1993 года. Ее принятие позволило нормализовать систему государственных взаимоотношений в условиях кризисного состояния, в котором находилась страна после распада СССР, способствовало переориентации внутриполитического направления государственного механизма управления. Конституцией 1993 года была закреплена независимость республики, законодательно оформлен институт президентства и на Президента РК возложена политическая ответственность за функционирование всей ветви исполнительной власти на всех уровнях.

В основу Конституция легла модель парламентской республики. В ней был также закреплён принцип разделения государственной власти на законодательную, судебную, исполнительную, произошло утверждение и проведение в жизнь принципа прямого действия и верховенства Конституции над всеми другими законами.

Актом принятия первой Конституции независимого Казахстана было положено начало созданию правовой базы для становления государственности, обеспечения национальной независимости, формирования качественно нового законодательства, был закреплён переход к социально ориентированной рыночной экономике.

**А. БАЛКЕНОВА, ведущий специалист
Буландынского районного суда.**

Слова благодарности в преддверии праздника

«Хочу выразить огромную благодарность в адрес сотрудников отдела районного отдела полиции.

В первую очередь мои слова направлены в адрес следователя следственного отделения, майора полиции Рустема Карбаевича Шаймуратова. Если изложить вкратце: в апреле месяце в мою семью пришла беда, точнее меня избил до полусмерти мой односельчанин гр. Ш., от полученных травм я попал в районную больницу, в отделение реанимации, состояние было очень тяжёлое, я еле выкарабкался. В тот же день моя супруга, А. Иващенко, обратилась с заявлением в районный отдел полиции. На место происшествия выехала следственно-оперативная группа, старшим группы был следователь Р. К. Шаймуратов. Незамедлительно был



проведён осмотр места моего избиения, допрошены все свидетели, собран первоначальный материал, возбуждено уголовное дело по ст.106 УК РК.

Данное уголовное дело было в производстве у следователя Р. К. Шаймуратова, который отнёсся к делу как большой профессионал. Его отличительные черты, которые я увидел за два месяца расследования, это - строгость, требовательность, настойчивость и честность. В ходе расследования он не принимал ни ту ни другую сторону, просто провёл объективное всестороннее расследование, собрал все документы правильно, назначил все экспертизы правильно, допросил всех свидетелей, провёл очные ставки, выезжал неоднократно сам в с.Журавлёвка для проведения дополнительных следственных действий, т.е. провёл очень большой объём работы. После чего, под прессом неопровержимых улик, подозреваемый признал свою вину и попросил у меня прощения (что немаловажно для меня), хотя изначально всё отрицал.

Принимая во внимание, что человек, который меня избил, из обеспеченной семьи, а я из более простого слоя населения, поэтому я думал, что, возможно, следствие будет одностороннее, в его пользу. Однако, следователь Шаймуратов в самом начале расследования успокоил меня одной фразой: «Сергей Александрович, перед законом все равны, виновный понесёт заслуженное наказание, дело будет направлено в суд в установленный законом срок».

В данное время суд закончился, виновник понёс заслуженное наказание, я внутренне успокоился. За всё это время я понял, что у следователя нелёгкая работа. Также считаю, что труд таких работников полиции не должен оставаться незамеченным со стороны руководства Министерства внутренних дел и Департамента полиции Акмолинской области, т.к. благодаря таким полицейским складывается общее впечатление про правоохранительные органы. Аналогичное письмо мною также будет направлено в г.Астана, на имя министра внутренних дел РК.

От всех членов моей семьи и от своего имени выражаю благодарность следователю Р.К. Шаймуратову за проделанный труд, чуткое и внимательное обращение с гражданами во время расследования: ни разу не грубил, относился ко всем хорошо, вызывал всегда точно, т.е. лишней волокиты бумаг, бесконечных приездов у нас не было.

В преддверии государственного праздника - Дня Конституции РК хочу пожелать ему здоровья, успехов в службе. Я считаю, что Конституция - наш Основной закон и мои конституционные права не были нарушены при обращении в отдел полиции Буландынского района. Теперь я точно знаю, что полиция действительно стоит на страже простого народа».

**Сергей Александрович Иващенко,
житель села Журавлёвка.**

Школа ждет звонка

До начало учебного года остаются считанные дни. Подготовительно-ремонтная работа к приему детей в приоритете педагогического коллектива школы-гимназии города Макинска. Учителя готовились к этому важному делу в течение года. Здание школы, построенное в 60-ых годах прошлого века, требовало серьезного ремонта.

Подрядчики - ТОО «Азамат құрылыс», выигравшее тендер на школьную ремонтную работу, с мая месяца трудятся успешно по плану. Все внутренние работы выполняются с повышенным темпом. При этом не забывают о качестве, которое контролирует директор школы совместно с завхозом, районный отдел образования, местная исполнительная власть, депутаты областного и районного маслихатов. Уже проделан большой объем работ.

Конституция Республики Казахстан Раздел II «Человек и гражданин» Статья 30

1. Гражданам гарантируется бесплатное среднее образование в государственных учебных заведениях. Среднее образование обязательно.

Заменены крыши двух зданий, проведена облицовка фасада школы, установка пластиковых окон, отмостка по всей школе, ведутся работы по установке откосов в школьном здании, идет с полным ходом ремонт малого спортивного зала. Строительные работы успешно продолжаются как внутри, так и снаружи. Внутренние работы практически завершаются. Подрядчики отремонтировали уже фасад школы и провели в порядок помещения. Снаружи ремонт не мешает образовательному процессу.

Добросовестно трудились на ремонте и оборудовании здания школы технический персонал и учащиеся 6-, 8-х классов. Учащиеся ухаживали за цветами, посадками деревьев, очищают их от мусора.

Классные кабинеты, залы школьной столовой и мастерской покрашены и выбелены. Хорошо оборудованы учебные кабинеты. Актовый зал и фойе украшают цветы.

Заметно улучшается материально-техническая база школы. По форме обучения школа-гимназия смешанного типа. В библиотеку завезены учебники, учебные наглядные пособия и пополняется книжный фонд на двух языках.

- По школе идет акция «Дорога в школу». Многодетным семьям, нуждающимся материальной помощи, а именно, 100 учащимся выделены денежные средства. Учителя проявляют милосердие и сочувствие детям, оказавшимися в сложной ситуации, всегда помогут советом и добрым словом – говорит директор школы-гимназии Айгуль Калдыбековна Абишева.

С энтузиазмом, чувством долга взялись за ремонт подрядчики. Их стараниями преобразился облик школы: чище, опрятнее стало на фасаде школьного здания.

В завершающие дни ремонт проводится по проблемным участкам. Приводится в порядок отопительная система, устраняются неисправности электрической сети и тепло, - водоснабжения.

Ремонтные работы к приему учащихся в школе продолжают. Есть надежда на то, что подрядчики своевременно завершат свои плановые производственные задания.

Т. ЖУСУПБЕКОВ.



ПУЛЬС РАЙОНА

Заботливый отец и примерный полицейский

С недавних пор участковым инспектором отделения местной полицейской службы Буландынского РОП является майор полиции Азамат Аипович Есимов. За плечами нашего героя более 20 лет службы в органах внутренних дел, из них более половины на руководящих должностях. Начинать службу с полицейского отделения патрульной полиции. Вне службы Азамат заботливый отец и любящий муж дома. Как и на работе, он является главой дружной и крепкой семьи. Со своей верной спутницей Гильмирой воспитывают пятерых детей. Старший сын Рамазан Азаматұлы активно увлекается футболом. Три девочки: старшая Арайлым (15 лет) – волонтер Молодежного ресурсного центра района. Аялым Азаматқызы (8 лет) в настоящее время ученица 3 класса школы им. Балуана Шолака, младшая дочь Асылым посещает детский «Балдырган». Младший сын Рахим порадовал своим появлением на свет счастливых родителей около двух месяцев назад, как шутит сам глава семьи: «Он в настоящее время домохозяйин».

Азамат Аипович – заботливый отец и примерный блюститель порядка. По словам супругов, семья – это основа жизни, фундамент для будущего детей. Именно в семье мы учимся любви, ответственности, заботе и уважению. «Мы стараемся прививать своим детям доброе отношение, чувство долга по отношению к родителям, семейные традиции, общие взгляды и необходимость помогать друг другу», – добавляет наш герой. Всё свое свободное время родители посвящают детям, очень любят совместные прогулки. На



вопрос о секрете семейного счастья отвечают: «Главное – не бояться трудностей, смело смотреть в будущее и всегда во всем друг другу помогать».

В преддверии праздника – Дня Конституции РК – хотим пожелать нашему коллеге семейной идиллии и здоровья детям.

Буландынский РОП.

Подвиг героя не забыт

Говорят, что человек продолжает жить, если о нем помнят. Уроженца района Биржан сал – молодого спасателя Аскара Забикулина знает вся страна. Бесстрашный подвиг Аскара, спасшего из горящего пламени несколько людей и ценою собственной жизни, подаривший им вторую жизнь, не забудет никто.

Земляки гордятся, что благодатная земля взрастила героя, поэтому его имя навсегда увековечено в народной памяти.

И вот в районном центре – городе Степняк – коллеги Аскара Забикулина – сотрудники служб чрезвычайных ситуаций – организовали турнир по мини-футболу, посвященный памяти героя мирных дней, пожарного Аскара Забикулина.

В турнире приняли участие команды из г.Астана, Акмолинской, Карагандинской, Костанайской, Северо-Казахстанской, Павлодарской областей и района Биржан сал.

Ко дню проведения турнира были приурочены два важных мероприятия – открытие музея при школе села Ульги, где учился Аскар Серикович, и презентация красивой, величественной монументальной живописи (мурал), исполненной на стене здания школы. Таким образом, памяти героя была отдана огромная дань.

Организаторы объявили о том, что это спортивное мероприятие отныне будет традиционным, а кубок победителя будет переходящим. То есть, какая команда в этом году выиграет турнир, на земле победителей будет проводиться следующий. Победителем турнира стала команда из Карагандинской области.



Чистый город начинается с каждого из нас!

Буландынский район и, в том числе, город Макинск славится красивой и необычной природой: лес произрастает прямо среди многоэтажек – такого уникального явления редко где встретишь. Поэтому горожанам так приятно гулять тихими вечерами в лесу, глубоко вдыхать аромат деревьев, любоваться изумительной картиной. И, конечно, обидно, если такие прогулки омрачают отсутствие чистоты и порядка вокруг. Согласитесь, не очень приятно гулять в лесу, где кругом замусорено.

На минувшей неделе районный Совет матерей и деловых женщин инициировал субботник в лесном массиве Степгеологии. Дружной командой, неравнодушной к ухоженному облику города, начали активно очищать территорию от мусора. А коман-



да сложилась следующая: депутат областного маслихата Клара Мендыбаева, члены совета матерей и деловых женщин, районный филиал партии «AMANAT», специалисты Молодежного ресурсного центра и районной модельной библиотеки, а также наши самые активные помощники: ученики городских школ города.

Поработав несколько часов, территорию стадиона была заметно очищена, собран весь мусор возле установленных здесь недавно скамеек. Участники субботника прошли с мешками вдоль дорожки, уложенной брусчаткой. Конечно, обидно, когда одни сорят, а другие убирают, ведь все мы взрослые люди, поэтому еще раз хотелось бы призвать горожан к совести: ну разве нельзя за собою элементарно прибрать окурки и бутылки, ведь мусорные контейнера совсем рядом. Надо ценить то, что делается в городе, содержать в чистоте и порядке. Очень часто приходится наблюдать мусор на улицах

города, в лесном массиве, где горожане проводят отдых. Кто-то может запросто выкинуть пустую бутылку из-под напитка, фантик от конфеты или упаковку чипсов на дорогу, по которой идет. Для многих мусорить – норма. Но так не должно быть, в семье надо закладывать ребенку основы дисциплины по отношению к окружающей среде, учить его не сорить.

Погода в день проведения субботника выдалась благоприятной, настроение, особенно у детей, было отличным. Чтобы поддержать боевой настрой ребят, спонтанная экологическая акция, при поддержке Клары Тунгушевы, завершилась пикником на свежем воздухе, а взрослые призвали подрастающее поколение к труду и бережному отношению к городу.

Думаю, такие инициативы нужно выдвигать чаще, мобилизовать еще большее количество горожан, ведь чистота города – общая для всех задача.

А. АМАНЖОЛОВА.



Следует отметить, что за отвагу и самоотверженность, проявленные при исполнении служебного долга, указом Президента РК Аскар Забикулин также был награжден орденом «Айбын» I степени. С великому сожалению, эта награда стала его последней...

